

Бірінші байлық- денсаулық!

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, адамзат баласына ортақ келген қауіпті індетпен бәріміз бірге әлі де күресіп келеміз. Шын мәнінде, қазір бүкіл әлем жұртшылығы үшін сын-қатерге толы уақыт. Еліміздің түрлі аймақтарында, әрбір облыс, қалаларда аурудың таралу деңгейіне байланысты тиісті шектеу шаралары қабылдануда.

«Ең бірінші байлық – денсаулық» деп жайдан-жай айтылмаған. Адамзат үшін ең керегі денсаулық екені анық. Еліміздің болашағы - дені сау азаматтары мен ұрпақтарының қолында. Басты байлығымызды бағалайық, ағайын!

Коронавирус індетіне қарсы вакцинаны алу дұрыс деп санаймын. Мен Covid-19 инфекциясымен ауырған жоқпын, дегенмен де «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деген даналық сөзді ескеріп, індетке қарсы вакцинаны алғашқылардың бірі болып қабылдадым. Бүгінде өзімді өте жақсы сезінемін.

Вакцинаны жаппай алып, құлаш жайып, ауырмай жүрейік, ағайын! Қаншама қилы



заманды бастан кешірген еліміз бұл сынақтан да береке-бірлікпен өтері сөзсіз.

Г.И. Бекеева

Мұзбел ауылының кітапханашысы